

№3 әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: 24 сәуір 2026 жыл
Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы
Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңестің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау.
3. Оқу жылының жұмысы қортындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау әдістемелік бірлестік жетекшісі.
4. Ата-аналармен бірлескен шаралардың өткізілу деңгейі.

1-мәселе

№2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Топтардың тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламасының сараптама нәтижелері.
Барлық жас топтары тәрбиешілерінің жұмыс бағдарламаларына әдістемелік сараптама жүргізілді. Бағдарламалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік талаптарына сәйкестігі тексеріліп, әдістемелік ұсынымдар берілді. Қажетті толықтырулар енгізіліп, жұмыс бағдарламалары оқу-тәрбие үдерісінде қолданылуда.
2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту.
Топтардағы дамыту орталықтарының мазмұны қайта қаралып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа дамытушы ойындармен, дидактикалық материалдармен және ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктермен толықтырылды. Дамыту орталықтары күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде және еркін ойын барысында тиімді пайдаланылып келеді.
3. Жас мамандармен жұмыс барысы.
Жас педагогтерге тәлімгерлер тарапынан тұрақты әдістемелік көмек көрсетілді. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, құжаттарды рәсімдеу бойынша кеңестер, тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылып, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізілді.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарды жетілдіру.
Топтарда экологиялық тәрбие беру бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Табиғат бұрыштары толықтырылып, бақылау, тәжірибе жасау, еңбек әрекеттері, экологиялық ойындар, табиғатты қорғауға бағытталған іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылды. Балалардың табиғатқа қамқорлықпен қарау дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.
5. Педагогтардың әдістемелік құралдарын қарау.
Педагогтердің әзірлеген әдістемелік құралдары қаралып, мазмұны мен рәсімделуіне әдістемелік сараптама жүргізілді. Талапқа сай әзірленген құралдар тәжірибеде қолдануға ұсынылып, үздік жұмыстар балабақшаның әдістемелік қорына енгізілді.

Қорытынды:

Әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдер белгіленген жоспарға сәйкес орындалып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жетілдіруге және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына оң ықпалын тигізді. Жоспарланған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастырылады.

2-мәселе

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Еркемай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылындағы жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау жасады. Баяндамада жылдық жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарының толық көлемде жүзеге асырылғаны, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, экологиялық тәрбие беру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың нәтижелері сараланды. Сонымен қатар оқу жылы барысында

қойылған негізгі міндеттердің орындалу деңгейі бағаланып, алдағы оқу жылына арналған басым бағыттар айқындалды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абильмажуновна оқу жылы ішінде жоспарланған жұмыстардың жүйелі орындалғанын атап өтіп, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық технологияларды тиімді пайдалану және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстарды алдағы оқу жылында да жалғастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

3-мәселе

Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Едильбаева Ботагоз Аманжоловна оқу жылының қорытындысы бойынша педагогтердің кәсіби қызметіне жүргізілген талдау нәтижелерімен таныстырды. Жыл бойындағы оқу-тәрбие жұмысының сапасы, әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуы, инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолдануы, тәрбиеленушілердің даму көрсеткіштері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі сараланды. Талдау қорытындысы бойынша кәсіби шеберлігімен, шығармашылық ізденісімен, әдістемелік жұмыстағы белсенділігімен және оқу жылының нәтижелі көрсеткіштерімен ерекшеленген педагогті марапаттауға ұсыну мәселесі қаралды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Шамилова айымгул Батырбекқызы сөз сөйлеп, педагогтерді марапаттауда олардың кәсіби жетістіктері, шығармашылық бастамалары, оқу-тәрбие үдерісіндегі нәтижелері мен ұжымдағы белсенділігі ескерілуі тиіс екенін атап өтті. Әдістемелік бірлестік мүшелері ұсынылған кандидатураны бірауыздан қолдап, оны марапаттауға ұсыну туралы шешім қабылдауды ұсынды.

4-мәселе

Тыңдалды:

Әдіскер Едильбаева Ботагоз Аманжоловна «Еркемай» балабақшасындағы ата-аналармен бірлескен шаралардың өткізілу деңгейі туралы талдау жасады. Баяндама барысында оқу жылы бойы ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар, спорттық сайыстар, шығармашылық көрмелер, шеберлік сағаттары, кеңестер және бірлескен жобалардың жүйелі ұйымдастырылғаны айтылды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артып, отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара байланыс нығайғаны атап өтілді. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, алдағы уақытта бірлескен жұмыстардың мазмұнын жетілдіру және жаңа форматтағы іс-шараларды көбейту қажеттігі айтылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна ата-аналармен бірлескен жұмыстардың тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына оң әсер ететінін атап өтті. Ата-аналардың балабақша іс-шараларына қатысу белсенділігін одан әрі арттыру және отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі жалғастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

Қаулы:

1. №2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Еркемай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау назарға алынсын. Жылдық жоспардың негізгі міндеттері орындалды деп есептеліп, алдағы оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, инновациялық технологияларды тиімді қолдану және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Оқу жылының қорытындысы бойынша кәсіби қызметінде жоғары нәтижелер көрсеткен, оқу-тәрбие жұмысына белсенді қатысқан және әдістемелік жұмыстарда шығармашылық танытқан педагогтің кандидатурасы марапаттауға ұсынылсын. Құжаттарды белгіленген тәртіпке сәйкес рәсімдеу әдістемелік бірлестік жетекшісіне тапсырылсын.
4. Ата-аналармен бірлескен шаралардың өткізілу деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында ата-аналардың тәрбиелік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларға қатысу белсенділігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
5. Педагогтерге ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жаңа тиімді формаларын енгізу, кері байланысты жүйелі ұйымдастыру және отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті одан әрі дамыту тапсырылсын.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмысқа сараптама

Құрметті әріптестер! 2025–2026 оқу жылында әдістемелік қызметтің негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім беру үдерісінің сапасын жетілдіру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын жүзеге асыру болды.

Оқу жылы барысында әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруіне және тәжірибе алмасуына жағдай жасалды.

Атқарылған жұмыстар

1. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру

Оқу жылы ішінде педагогтер түрлі семинарларға, вебинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, кәсіби білімдерін жетілдірді. Әдістемелік кеңестер мен педагогикалық кеңестер жоспарға сәйкес өткізілді.

Педагогтер:

- жаңа нормативтік құжаттармен таныстырылды;
- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бойынша әдістемелік көмек алды;
- инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесімен алмасты.

2. Әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырылуы

Жыл бойы:

- әдістемелік кеңестер өткізілді;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді;
- өзара сабаққа қатысу жұмыстары жүргізілді;
- шеберлік сағаттары мен тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстар педагогтердің тәжірибесін жетілдіруге және кәсіби ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті.

3. Мониторинг және бақылау жұмыстары

Балалардың білім, білік, дағдыларының қалыптасуына мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң динамика байқалды. Педагогтердің жоспарлау құжаттары, ұйымдастырылған іс-әрекеттері және тәрбиелік жұмыстары жүйелі түрде зерделеніп, әдістемелік ұсыныстар берілді.

4. Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:

- жиналыстар;
- кеңестер;
- ашық есік күндері;
- сауалнамалар мен тренингтер өткізілді.

Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты.

Жетістіктер

- Педагогтердің кәсіби белсенділігі жоғарылады.
- Оқу-тәрбие үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану кеңейді.
- Балалардың даму мониторингінде оң нәтижелер байқалды.
- Әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды.
- Тәрбие мен оқыту сапасын арттыру бағытында тұрақты жұмыс жүргізілді.

Анықталған мәселелер

Сонымен қатар, талдау барысында бірқатар мәселелер анықталды:

- Кейбір педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану деңгейі жеткіліксіз.
- Құжаттарды рәсімдеуде жекелеген кемшіліктер кездеседі.
- Балалардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту жұмыстарын күшейту қажет.
- Озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстары жүйелендіруді талап етеді.

Міндеттер мен ұсыныстар

2025–2026 оқу жылында:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру;
- инновациялық технологияларды қолдануды кеңейту;

- балалардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту;
- мониторинг нәтижелері негізінде жеке түзету жұмыстарын жүргізу;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты жетілдіру;
- педагогтердің озық тәжірибесін жинақтау және тарату жұмыстарын жүйелеу ұсынылады.

Қорытынды: Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылында әдістемелік қызмет жоспарлы және мақсатты түрде жүргізілді. Атқарылған жұмыстар педагогтердің кәсіби дамуына, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға және балалардың жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді. Алдағы оқу жылында анықталған мәселелерді ескере отырып, әдістемелік жұмысты одан әрі жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жалғастырылатын болады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

«Еркемай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылындағы жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау

2025–2026 оқу жылында «Еркемай» балабақшасының қызметі жылдық оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, жоспарланған міндеттер кезең-кезеңімен орындалды. Оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асырылды. Жылдық жоспардың негізгі міндеттерінің бірі – тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру болды. Осы бағытта педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тұлғаға бағытталған оқыту, ойын технологиялары, зерттеу, жобалау және дамытушы әдіс-тәсілдерді тиімді қолданды. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, оқу қызметі жүйелі ұйымдастырылды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік кеңестер, педагогикалық кеңестер, семинарлар, шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу жұмыстары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер және өзара сабаққа қатысу жүйелі өткізілді. Жас мамандарға тәлімгерлер тарапынан әдістемелік қолдау көрсетіліп, олардың кәсіби бейімделуіне жағдай жасалды. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында барлық топтардағы дамыту орталықтарының мазмұны жаңартылып, дидактикалық материалдармен, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктермен және ойын құралдарымен толықтырылды. Бұл жұмыстар тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерінің дамуына оң ықпал етті. Жыл бойы балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау басты назарда болды. Санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, қауіпсіз білім беру ортасы қамтамасыз етілді. Еңбек және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар уақытылы өткізіліп, профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілді.

Экологиялық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бағытында жоспарланған іс-шаралар толық орындалды. Балалар табиғатты қорғау, туған жерге сүйіспеншілік, еңбекқорлық, ізгілік және отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік шараларға белсенді қатысты. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмысы да жүйелі ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, кеңестер, мерекелік іс-шаралар және бірлескен жобалар өткізіліп, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік нығайтылды. Жыл қорытындысы бойынша педагогтердің оқу құжаттары сарапталып, мониторинг нәтижелері балалардың білім, білік және дағдыларының оң динамикасын көрсетті. Әдістемелік жұмыстардың сапасы артып, педагогтердің кәсіби белсенділігі мен шығармашылық ізденісі жоғары деңгейде байқалды.

Қорытынды:

«Еркемай» балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарының негізгі міндеттері толық көлемде орындалды. Жүргізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, педагогтердің кәсіби шеберлігінің артуына және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуға ықпал етті. Алдағы оқу жылында инновациялық педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, экологиялық және ұлттық тәрбие жұмыстарын жетілдіру, сондай-ақ ата-аналармен серіктестікті одан әрі дамыту жұмыстары жалғастырылады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

«Еркемай» балабақшасының ата-аналармен бірлескен шаралардың өткізілу деңгейі туралы есеп

2025–2026 оқу жылы барысында «Еркемай» балабақшасында ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында жоспарға сәйкес түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Жүргізілген жұмыстардың негізгі мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті дамыту, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына ата-аналарды белсенді тарту және тәрбиелік жұмыстың сабақтастығын қамтамасыз ету болды. Оқу жылы ішінде ата-аналар жиналыстары, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар, шығармашылық көрмелер, спорттық жарыстар, шеберлік сағаттары, кеңестер және жеке консультациялар жүйелі өткізілді. Сонымен қатар ұлттық мерекелерге, экологиялық акцияларға, қайырымдылық және тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуына жағдай жасалды. Педагогтер ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері туралы тұрақты ақпарат беріп отырды. Ата-аналарға баланың жас ерекшелігіне сәйкес тәрбиелеу, денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сөйлеу және танымдық қабілеттерін дамыту бағытында әдістемелік кеңестер ұйымдастырылды.

Топтарда өткізілген бірлескен іс-шаралар барысында ата-аналардың белсенділігі артқаны байқалды. Олар балалармен бірге шығармашылық жұмыстарға, көрмелерге, мерекелік бағдарламаларға, спорттық сайыстарға және түрлі жобаларға қызығушылықпен қатысты. Бұл жұмыстар отбасы мен балабақша арасындағы сенімді қарым-қатынастың қалыптасуына оң әсерін тигізді.

Жүргізілген сауалнама мен кері байланыс нәтижелері ата-аналардың балабақша қызметіне оң бағасын көрсетіп, ұйымдастырылған іс-шаралардың мазмұнына қанағаттанатындарын дәлелдеді. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан бірлескен кездесулердің санын көбейту, балалармен өткізілетін отбасылық жобаларды жалғастыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Қорытынды:

«Еркемай» жеке бөбекжайында ата-аналармен бірлескен жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жүргізілген іс-шаралар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайтуға және тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына оң ықпал етті. Алдағы оқу жылында ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңа тиімді формаларын енгізу және олардың балабақша өміріне белсенді қатысуын одан әрі арттыру жұмыстары жалғастырылады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.